



# Кіріктірілген білім беру бағдарламасы

## 9 сынып

### 4 тоқсан

#### 9. 4А Экономикалық география

1. Даму заңдылықтарын анықтау – деректерді өңдеу дағдылары.
2. Экономикалық даму модельдері.
3. Дүниежүзілік экономика.



# Тақырып:

Дүниежүзілік экономика.

## Сабақ мақсаты:

Әдістер арқылы елдердің даму деңгейін талдау.

## Оқу мақсаттары:

1. Статистикалық деректерді талдау.
2. Жан басына шаққанда экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

Дүниежүзілік экономика деген не?

**Дүниежүзілік экономика**

немесе

дүниежүзілік шаруашылық жүйесі

— **дүние жүзі елдері ұлттық**

**шаруашылықтарының**

**ЖИЫНТЫҒЫ.**



# Дүниежүзілік экономика

Экономикалық даму дегеніміз -

1. Экономикадағы жағымды өзгерістер.
2. Өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы, транспорттағы және қызмет көрсету саласында тиімділікті өзгерістер.
3. Шаруашылықтың сапалы дамуы және сандық көрсеткіштердің өзгеруі.
4. Жаңа өнімдердің пайда болуы.
5. Өмір сапасының жоғарлауы.

Экономикалық даму көрсеткіштері

Жалпы Ұлттық Өнім (ЖҰТ)  
Жалпы Ішкі Өнім (ЖІӨ)  
Адамдық әлеуметтік даму индексі (АӘДИ)

Экономикалық дамуды өлшеу әдістері

1. Демографиялық
2. Экономикалық
3. Әлеуметтік
4. Саяси

# Дүниежүзілік экономикаға қатысты ұғымдармен жұмыс жасау

## 1. Жалпы ұлттық өнім (ЖҰТ)

ВНП - Валовый Национальный Продукт

## 2. ЖІӨ Жалпы ішкі өнім

ВВП - Валовый Внутренний Продукт

## 3. АӘДИ Адамдық әлеуметтік даму индексі

ИРЧП - индекс развития человеческого  
потенциала

## Жауап:

ЖҰӨ шетел елдерде де қалыптасқан кірістерді қамтиды, ал ЖІӨ тек ел ішінде қалыптасқан табысты ғана есептейді.

**Тапсырма: Екі анықтаманы салыстырып, айырмашылығын анықтаңыз.**

**ЖҰӨ** - ел ішінде және шет елдерде шығарылған нарық бағасымен белгіленген өнімнің жиынтық *құнын* білдіретін көрсеткіш.

**ЖІӨ** — тек ел ішінде материалдық өндіріс салалары мен өндірістік емес саланың нарық бағасымен белгіленген өнімнің жиынтық *құнын* білдіретін көрсеткіш.

## Жан басына шаққанда экономикалық көрсеткіштерді есептеу

**ЖҮӨ** - адам басына шаққанда бұл елде және шет елдерде шығарылған бір жыл ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің жалпы құнын осы елде тұратын халық санына бөлгендегі көрсеткіш.

**ЖІӨ** - адам басына шаққанда бұл елде бір жыл ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің жалпы құнын осы елде тұратын халық санына бөлгендегі көрсеткіш.

Шет елдегі + Елдің ішіндегі өнімдердің, қызметтердің жалпы құны / халық саны

Елдің ішіндегі өнімдердің, қызметтердің жалпы құны / халық саны


Есеп: америка доллары, \$

# Адамдық әлеуметтік даму индексі ( АӘДИ)


1. Адамдардың дамуы бойынша мемлекеттерді салыстыратын индекс.
2. Мемлекеттің даму және дамымағандығын өлшейді.
3. АӘДИ үш басты қағидалардан тұрады:
  - ✓ *Өмір Ұзақтығы (халық денсаулығы мен өмір ұзақтығын өлшейді),*
  - ✓ **Білім деңгейі мен білім беру жүйесі,**
  - ✓ **Өмір сүру стандарты немесе сапасы.**



## Әлемдегі Адам Даму Индексін көрсететін карта (2008 жылға сәйкес)



Әлемдегі Адам Даму Индексін көрсететін карта (2008 жылға сәйкес)



# ҚБЖ Тапсырма

1. Берілген мәліметтерді қолданып, дүниежүзі елдердің ЖІӨ есептеңіз.

№	Мемлекттер	ЖІӨ, \$	Халық саны, адам	Жаң басына шаққандағы ЖІӨ, \$
1	Қытай	9 240 270	1 334 690 000	
2	Ұлыбритания	2 678 455	61 634 599	
3	Беларусь	71 710	9 671 900	

2. Осы елдердің экономикалық дамуын талдаңыз.

3. Бұл елдердің реттілігі қалай өзгерді?

4. Бұл неліктен жаңылуға алып келуі мүмкін?

жаңылу - заблуждение

<http://gtmarket.ru/ratings/rating-countries-gdp/rating-countries-gdp-info>

Дағдылар	Жетістік критерийлері
Білу және түсіну	Экономикалық, демографиялық және әлеуметтік көрсеткіштер арқылы экономикалық дамуды өлшеу әдістерін біледі.
Қолдану	Статистикалық мәліметтерді қолдану арқылы салыстырмалы диаграмма сала алады.
Талдау	Экономикалық, демографиялық және әлеуметтік көрсеткіштер арқылы экономикалық даму деңгейін талдай алады.

## ҚБЖ. Тапсырма:

1. Статистикалық мәліметтерді қолданып, салыстырмалы диаграммаларды сызыңыз (2014 жылға сәйкес).

№	Елдердің атауы	Демографиялық көрсеткіш: халық саны, адам	Әлеуметтік көрсеткіш: АӘДИ	Экономикалық көрсеткіш: ЖІӨ (\$ млн.)
1	Дүние жүзі	7 137 577 750	-	75 592 941
2	Норвегия	4 849 000	0.944	512 580
3	АҚШ	308 169 000	0.914	16 768 100
4	Қазақстан	15 776 492	0.778	231 876
5	Ресей	141 909,000	0.757	2 096 777
6	Пәкістан	168 220,000	0.537	232 287
7	Орталық Африка Республикасы	442 000	0.341	1 538


график үлгісі келесі слайдта




2. Экономикалық, демографиялық және әлеуметтік көрсеткіштер арқылы елдердің экономикалық даму деңгейіне талдау жасаңыз.
3. Қорытынды шығарыңыз: Заңдылық байқала ма?

# Салыстырмалы графиктер


Халық саны, млн. адамдар



ЖІО, (\$ млн)



АӘДИ



**Диаграмма сызу ережелерін сақтаңыз.**